

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ
АГРОӨНЕРКӘСІПТІК КЕШЕНІН ҚАРЖЫЛАНДЫРУ**

**ФИНАНСОВОЕ ОБЕСПЕЧЕНИЕ АГРОПРОМЫШЛЕННОГО
КОМПЛЕКСА РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН**

**FINANCIAL SUPPORT OF AGRO-INDUSTRIAL COMPLEX
OF THE REPUBLIC OF KAZAKHSTAN**

А.М. УАХИТЖАНОВА

PhD докторанты
«Қаржы Академия» АҚ

Аңдатпа. Қазақстан Республикасының агроөнеркәсіптік кешенін қаржыландырудың мәселелері еліміздің азық-түлік қауіпсіздігін арттырудың факторы ретінде қарастырылған. Ауылшаруашылық тәуекелдерін төмендетудің әдістері және басқару кезеңдері, шаруашылықаралық байланысты дамытудың экономикалық-ұйымдастырушылық алғышарттары, АӨК мекемелерінің қаржылық ресурстар қозғалысы және осы процесті тежейтін себептер: жоғары несиелік жүктеме және қажетті заемдық қамтамасыз етудің жоқтығы анықталған. БСҰ жағдайындағы АӨК отандық мекемелерін қалыптастыру, АӨК субъектілерін «ҚазА-гро»ҰБХ» АҚ желесі бойынша несиелеуді ұйымдастыру мәселелеріне баса назар аударылған. Мемлекеттің ағарарлық секторды басқарудағы, еліміздің азық-түлік қауіпсіздігін қамтамасыз етуге, отандық өнімді өндіруді арттыруға әсер ететін саланы қаржылық және техникалық реттеуді ұйымдастырудағы рөлі; жүзеге асырылатын мемлекеттік бағдарлама-лар аясындағы мемлекеттік қолдау көрсетілген. Отандық өндірушілердің әлеуеттік мүмкіндіктеріне үнемі мониторинг жүргізу арқылы АӨК дамытудың келешегі зор бағыттары берілген.

Агроөнеркәсіптік саласын басқару субъектісі ретіндегі мемлекеттің қызметі айрықша. Бастапқы шығындарға салымдар мен өнім өндірісі арасындағы уақыттық алшақтықтың болуы есебінен аграрлық сала тәуекелді өндірістің біріне жатады.

Ауылшаруашылық тәуекелділікті басқару төмендегідей кезеңмен жүзеге асырылуы тиіс: АӨК тәуекелін талдау, бақылау және қаржыландыру ел экономикасының құрамды бөлігі болып табылады, ал ол ең бастысы шығарылған өнімнің сандық және сапалық сипаттамаларына әсер етуші табиғи-климаттық тәуекелдермен (өнімділіктің төмендеуі, жануарлардың өлім-жітімі); экологиялық-топырақ құрамының нашарлауы, судың ластануы және т.б.; қаржылық – қаржылық міндеттемелерді орындамау; бағалық – өнімді өткізу, сатып алынатын ресурстардың бағаларының тұрақсыздығы, олардың жоспарлану мүмкіндігінің болмауы; өндірістік – өнім өндірісі көлемінің төмендеуі, шығындардың жоғарылауы және т.б.; экономикалық – ауылшаруашылық өндірушілер пайдасының төмендеуі, бағалық бәсекеге қабілеттіліктің төмендеуімен тығыз байланысты [3].

Аграрлық саясатты қалыптастыру кезеңінде дамыған мемлекеттердің ауылшаруашылық дамуының жалпы әлемдік тенденцияларын назарға алмауға болмайды. Әлемнің көптеген елдерінде ауыл шаруашылығын қолдау ұлттық басымдылық болып саналады. Оларда мемлекеттік қаржылық реттеудің тиімді жүйесі жүзеге асырылуда. Соңғы жылдары дамыған мемлекеттердің өз азық-түлік қауіпсіздік мәселелеріне басты назар аударатыны байқалуда. Жыл сайын ауыл шаруашылығын қолдауға бөлінетін қаржы көлемі өсуде. Дамыған мемлекеттердегі ұлттық экономиканы қаржылық қолдау және жаңа бәсекеге қабілетті салалар құру сұрақтары, оның ішінде АӨК, басты назарды талап етеді. Әр мемлекет өздері үшін ең тиімді нысандар мен әдістерді анықтай отыра, экономикасын реттеудің өзіндік жолын таңдайды [4].

Қазақстан Республикасының және шетелдік ғалымдардың еңбектері АӨК-нің қаржылық қамтамасыз етілуі мен оның нысандары туралы мәселелермен танысу негізін қалайды. Зерттеу әдістері ретінде дедукция, индукция, бақылау және талдау аясында теориялық және эмпериялық танымдар анықталады.

Мемлекеттің экономикалық қауіпсіздігін қорғаудың және нарыққа отандық өнімді шығарудың тиімді тәсілі – технологияларға техникалық талаптардың деңгейін бекіту және техникалық шешім қабылдау индустри-ясы үшін бағдар беру болып табылады.

Бірыңғай экономикалық аймақта және Қазақстанның ДСҰ-ға кіруінде интеграциялық

тереңдету жағдайындағы ең қажетті мәселелерге назар аудару қажет:

- ♦ бизнестік қоғамдастықтар мен өндірістерге мемлекеттік салалық органдар тарапынан стандарттауға тиісті көңіл бөлінбеу;

- ♦ ұлттық стандарттардың халықаралық стандарттармен үйлесімділік барысының нашарлығы;

- ♦ соңғы өнімді шығаруға байланысты инвестициялық жобалардың болжамының және оның сараптамасының жоқтығы;

- ♦ сынақ базалары мен сертификаттау орталықтары жүйесінің жетіспеушілігі;

- ♦ батыс және орталық Қазақстанда метрологиялық инфрақұрлымның дамымауы;

- ♦ техникалық реттеу, метрология және менеджмент саласында маман-дардың жетіспеуі.

Ең басты кедергі – өңдеу өндірісі мекемелеріндегі қарыздық жүктеменің жоғарылығы және қарыздық қаржыландыру үшін ерікті өтімділік активтердің болмауы:

- акционерлік капиталды қалыптастыру үшін қаржылық қолдау жоқ;

- ұзақ мерзімді несиеге қол жетімділік жоқ; - несиелік қордың бағасы.

Отандық өндірістің негізгі мәселелері:

- темір жол тасымалы тарифінің, электр энергиясының қымбаттылығы;

- тасымалдау және энергетикалық монополистер тарифінің жиі өзгеруі;

- тасымалдау логистикалық инфраструктурасының даму деңгейінің төмендігі;

- АЭА инфраструктурасының, оның ішінде өндірістік инфра-структураның қажетті деңгейде қаржыландырылмауы [3].

Шаруашылықаралық байланыстардың экономикалық-ұйымдастырушылық алғышарттары бірыңғай интеграциялық үрдіс болып табылады. Өндірістік-экономикалық қарым-қатынастың сипаты негізінен шаруашылықтың ұйымдастырушылық-құқықтық нысанын анықтады, нәтижесінде өзара қарым-қатынас құрудың келесі үлгілерін анықтауға мүмкіндік береді:

- ауылшаруашылық және қайта өңдеуші кәсіпорындар шаруашылықтың дербес субъекті ретінде әрекет етеді;

- ауылшаруашылық кәсіпорындар акционерлік қоғамға айналған қайта өңдеу кәсіпорындарының бірлескен иелері болып табылады;

- ауылшаруашылық кәсіпорындар – кооперативтік интеграциялық құрылымдардың мүшелері.

Қаржымен қамтамасыз етудің негізгі міндеті – қаржыландыру көзін таңдау, ақшалай қаражаттарды тарту және оны пайдалану арқылы қаржылық ресурстарды жұмылдыру. Түрлі қайнар көздерден қалыптастырылған қаржылық ресурстар кәсіпорынға өз міндеттемелерін уақытылы орындауға, қаражаттарды жаңа өндіріске инвестициялауға, қажет

Слово молодым ученым

болған жағдайда оны кеңейтуге және техникалық қайта жарақтандыруға, ғылыми зетте-улерді қаржыландыруға, енгізуге мүмкіндік береді. Ақшалай қаражаттар қоры-ның қалыпта-суы, бөлінуі және пайдалануы жөніндегі қаты-настар жиынтығы болып табылатын ауылша-

руашылық кәсіпорындар қаржы-сын ұйымдастырудағы қаражат шеңбері айналымының ерекшелігі аграрлық секторға қаражаттар түсуінің негізгі көздерін іздеуге итермелейді (1 сурет) [4].



Ескерту: Сызбаны әзірлеген Б.Т. Аймурзина

Сурет 1 – АӨК кәсіпорындардың қаржы ресурстарының ағымы

Коммерциялық қаржылық институттар тарапынан тиісті қаржыландырудың болмауы салдарынан қазақстандық нарықтағы бұл тауашаны ұлттық холдингтер мен даму институттары жүйесі арқылы мемлекетке алуға тура келді.

Даму институттары жүйесі өндірістік инновациялық даму қажеттілігін ескере отырып кеңейтілді. Индустриалдық дамуды қолдаудың түрлі инструменттері қаралды: пайыздық мөлшерлемені субсидиялау, шығынды толтыру және инновация мен технологияларды енгізу үшін гранттар бөлу, өндірістік инновациялық қызмет субъектісі шығындарын толтыру, несиені кепілдендіру және тағы басқалары.

Мемлекеттік бағдарламалар аясындағы қолдау шаралары қаржылық және қаржылық емес (қызмет көрсету құралы) сипатқа ие. Қаржылық шаралар бизнесті дамыту үшін қаржылық қорға қолжетімділікті қамтамасыз етеді. Қаржылық емес шаралар жобаларды дамыту үшін тиімді инвестициялық ынталандыруды құруға бағытталған, сондай-ақ өндіріске заманауи технологияларды енгізу және инновацияларды ынталандыру, өнімділікті және ресурс тиімділігін жоғарылату, адами капитал сапасын арттыру және басқа да басым бағыттар саласында кәсіпорындардың бәсекеге қабілеттілігін арттыру үшін мамандандырылған қызмет көрсетуге бағытталған (1 кесте).

Кесте 1 – АӨК субъектілерін несиелеуді «ҚазАгро» ҰБХ» АҚ желісі бойынша ұйымдастыру

«ҚазАгро» ҰБХ» АҚ желісі бойынша несиелеу		
«Аграрлық несиелік корпорациясы» АҚ	«ҚазАгрофинанс» АҚ	«Ауыл шаруашылығын қаржылай қолдау қоры» АҚ
Өндірісті дамыту үшін несиелік бөлу (мал, құрылғылар таңдаулы заттар сатып алу, құрылыс, ауылшаруашылық өнімдерін қайта өңдеу. Сыйақы жылдық мөлшерлемесі 6-14% теңгеммен жылына, 10 жылға дейін 1 млн. теңгеден (несиелеу бағдарламасына байланысты).	ҚМЖ жобасын инвестициялау, құрылғылар мен техниканы 12 жылға дейін 6%, бірлесе қаржыландыру 15% дан бастап. Лизинг пен техникаға несиелік беру 5 жылдан 10 жылға дейін 12,8% (5,8 немесе 2,8% субсидиялау есебімен).	Жаңа бастаған кәсіпкерлер үшін шағын несиелік («Жұмыспен қамту – 2020» бағдарламасы бойынша) 4,5 жылға дейін 6%, 3 млн. т дейін. Басқа бағдарламалар бойынша (несиелеу бағдарламаларына байланысты), өз ісін кеңейту немесе ұйымдастыру негізгі, айналымдағы заттарды сатып алуауылдағы ауыл шаруашылық бизнес түрлеріне неше болу, шағын қылыжайды дамыту, сүт тауарлық фермаларды құру және кеңейту 6-14%; 60 млн. т дейін 7 жылға.
Ескерту: Сызба «ҚазАгро» ҰБХ» АҚ мәліметтері негізінде құрылды		

Өрекеттегі қайта өңдеуші өндірістердегі жоғары несиелік жүктеме және қарыздық қаржыны қамтамасыз ететін ерікті өтімділік активтердің соңғысында болмауы басты кедергі болып саналады:

- ◆ акционерлік капиталды қалыптастыру үшін қаржы қорының жетіспеушілігі;
- ◆ ұзақ мерзімді несиенің қолжетімсіздігі;
- ◆ несиелік ресурстардың бағасы (2 сурет).



Ескерту: Сызба «ҚазАгро» ҰБХ» АҚ мәліметтері негізінде құрылды

Сурет 2 – «ҚазАгро» ҰБХ» АҚ 2016 ж арналған ұсыныстар мен қаржы қаражаттарын бөлу

Қазіргі таңда Қазақстанның нарықтағы қор толық қалыптаспаған институт болып бағаланады, себебі ол акционерлік капиталды толықтыру көзінің қызметін атқара алатын қаржы саласы бола алмай отыр. Қазақстанның АӨК келешектегі дамуы үшін жақсы жағдайлар бар: май және ет секторында позиция күшеюде, ал астық пен ұн бойынша Қазақстан қысқа мерзімде әлемдегі ірі экспорттаушы мемлекеттер қатарына енді. Қазақстанның Еуразиялық экономикалық одақта және Дүниежүзілік сауда ұйымында мүше болуы ішкі және сыртқы нарықта бәсекеге қабілеттілікке мүмкіндік туғызып, бір уақытта жоғарғы талаптар қояды. Осы орайда АӨК мемлекеттік басқарудың маңызы өте зор. Салыстырмалы түрде аз уақыт ішіндегі «ҚазАгрофинанс» АҚ қызметі барысында агроөнеркәсіптік кешенге 439,7 млрд. т немесе 2,4 млрд. АҚШ долл., сонымен бірге 2014 ж 78,6 млрд. т инвестицияланған. Бұл жоспарланған көрсеткіштен 120%-ға көп. Тағы айта кетерлік жайт, инвестицияның жалпы құрылымында бюджеттік емес қаржы үлесі мемлекеттік қаржы үлесіне қарағанда артып, 59% қарсы 41% құрады.

Инвестициялық жобаларды жүзеге асыру бойынша конкурстық іріктеу шеңберінде 2009-2014 жж. «ҚазАгрофинанс» 192,4 млрд. т құрайтын 419 инвестжобаны бекітті. Алдыңға жылдармен салыстырғанда қабылданған және бекітілген жобалардың оң динамикасы байқалады. 2014 ж. 61,3 млрд. т құрайтын 136 инвестжоба бекітілді.

Аграрлық секторды қаржыландырудың мемлекеттік механизмдері: әртүрлі кәсіпкерлікті қолдау қорларын бюджеттік қаржы-

ландыру, тікелей және жеңілдетілген несиелеу, бюджеттік емес қорлар [5].

Несиелік портфельдің сапасын жақсарту, инвестициялық тартымдылықты арттыру мақсатында «Аграрлық несие корпорациясы» АҚ мен «Ауыл шаруашылығын қаржылық қолдау қоры» АҚ бірігуі жүзеге асырылады. 2016-2020 жж. арналған жекешелендірудің Кешенді жоспарына енгізілген «ҚазАгро» ҰБХ» АҚ еншілес және үлестес ұйымдарын бәсекелестік ортаға жіберу және «ҚазАгро» ҰБХ» АҚ трансформациялау бойынша шараларды жүзеге асыру екі еншілес компанияны («Аграрлық несие корпорациясы» АҚ қаржы орталығы ретінде, «Продкорпорация» АҚ экспорттық орталық ретінде), сонымен қатар активтерді басқару Қорына шағын холдингке біріктіріледі. «ҚазАгро» ҰБХ» АҚ топтарының Компаниялары АӨК жеке бизнеспен қарым-қатынасына әсер етудің мақсатты шараларын қолдауды іске асырады.

Аграрлық саладағы инвестиция көлемінің артуы өндіріс көлемін арттырады, алайда жабдықтардың тозуы, күрделі табиғат жағдайлары, сақтау орындарының жетіспеушілігі, дүниежүзілік нарықтың жайсыз жағдайы агроөнеркәсіптік кешен көрсеткіштеріне айтарлықтай әсер етуде [6].

Сонымен бірге АӨК субъектілерін қаржыландыру нарығына 2013 ж. қабылданған «Агробизнес – 2020» бағдарламасы айтарлықтай әсер етеді. Аталмыш бағдарламада Дүниежүзілік Сауда Ұйымы шарттарында АӨК субъектілерінің бәсекеге қабілеттілігін арттыру бойынша шаралар кешені қарастырылған.

Осылайша отандық ауылшаруашылық өнімдер көлемінің өсуі және импорттық тауарларды ысыруы агроөнеркәсіптік кешенді дамытудың стратегиялық бағыттарына оң әсерін тигізеді, сәйкесінше АӨК қаржылық қамтамасыз ету сұрақтары актуалды болып қала бермек. Аталмыш жағыдай отандық ауыл шаруашылық тауарларын өндірушілер шамасын үздіксіз бақылау АӨК қажетті салаларын қаржыландыру үшін қажет.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

1 Қазақстан Республикасының агроөнеркәсіптік кешенін дамытудың 2017-2021 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасын іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспарын бекіту және "Үкіметтік бағдарламалардың тізбесін бекіту және Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдерінің күші жойылды деп тану туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2015 жылғы 30 желтоқсандағы № 1136 қаулысына өзгеріс енгізу туралы. Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2017 жылғы 13 наурыздағы № 113 қаулысы.

2 2015-2019 жылдарға арналған Қазақстан Республикасының индустриалды-инновациялық дамытудың Мемлекеттік бағдарламасы.

3 Махашов Х.К. Экономиканың жаһандану жағыдайындағы Қазақстанның аграрлық өнеркәсібінің экономикалық механизмі.—Шымкент: Х.А. Ясауи атындағы ХҚТУ, 2009.-188б.

4 Аймурзина Б.Т. АӨК субъектілерін қаржылық қамсыздандырудың шетелдік тәжірибесінің кейбір аспектілері // ҚазЭҚжХТУ 10 жылдығына арналған Халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференция Материалы «Дүниежүзілік қаржы дағдарысының салдарын өткеру және Қазақстан экономикасының даму перспективасы». – Астана: ҚазЭҚжХТУ. – 2009.- 22-26 б.

5 Арынова З.А., Нарынбаева А.С. Аймақтың инвестициялық таартымдылығы бәсе-

кеге қабілеттік факторы ретінде // Аграрлық нарық проблемалары.- 2017.-N2.-Б. 70-76.

6 Смагулова Ш.А., Доскеева Г.Ж., Радько Н.М. Қазақстан Республикасының агроөнеркәсіптік кешенінің дамуы // Аграрлық нарық проблемалары.-2015.-N3.- Б.14-20.

Pajdalanylran әdebietter tizimi

1 Қазақстан Respublikasynuң agroөnerкәсіptik keshenin damytuduң 2017-2021 zhyldarға арналған мемлекеттік бағдарламасын іске асыру жөніндегі іс-шаралар zhosparyn bekіtu zhөne "Ykimettik бағдарламалардуң tizbesin bekіtu zhөne Қазақстан Respublikasy Ykimetiniң кейбір sheshimderiniң күshi zhojyldy dep tanu turaly" Қазақстан Respublikasy Ykimetiniң 2015 zhylyғы 30 zheltоқsandағы № 1136 қаulyсына өзgeris engizu turaly. Қазақстан Respublikasy Ykime-tiniң 2017 zhylyғы 13 nauryzday № 113 қаulyсы.

2 2015-2019 zhyldarға арналған Қазақстан Respublikasynuң industrialdy-innovacijalyқ damytuduң Memlekettik бағдарlamasy.

3 Mahashov H.K. Jekonomikanyң zhahandanu zhaғыdayynday Қазақstannуң agrarlyқ өnerкәсіbiniң jekonomikalық mehanizmi.-Shymkent: H.A. Jasaui atynday HҚТУ, 2009.-188b.

4 Ajmurzina B.T. AӨK sub#ektіlerін қарzhylyқ қамсыzdandyrudуң sheteldik tәzhiribesiniң кейбір aspektіleri // ҚазJeҚzhHTU 10 zhyldyғыna арналған Halyқаралық ғыlymi-tәzhiribelik konferenciya Materialy «Dүniezhzyilik қарzhy daғдарыsynuң saldaryn өtkeru zhөne Қазақстан jekonomikasynуң даmu perspektivasy». – Astana: ҚазJeҚzhHTU. – 2009.- 22-26 b.

5 Arynova Z.A., Narynbaeva A.S. Aймақтың investicijalyқ таartymdylyғы бәсеkege қabi-letlik faktory retinde // Agrarlyқ naryқ prob-lemalary.- 2017.-N2.-B. 70-76.

6 Smagulova Sh.A., Doskeeva G.Zh., Rad'ko N.M. Қазақстан Respublikasynuң agro-өnerкәсіptik kesheniniң даmuы // Agrarlyқ naryқ problemalary.-2015.-N3.- B.14-20.

